

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**МАГИСТРАЛЬДЫҚ СУ ТАРАТҚЫШТАР МЕН  
КӘРІЗДІК КОЛЛЕКТОРЛАР ҮШІН ЖЕР  
ТЕЛІМДЕРІН БОЛУ**

---

**ОТВОД ЗЕМЕЛЬ ДЛЯ МАГИСТРАЛЬНЫХ  
ВОДОВОДОВ И КАНАЛИЗАЦИОННЫХ  
КОЛЛЕКТОРОВ**

**ҚР ЕЖ 4.01-105-2014  
СП РК 4.01-105-2014**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно–коммунального хозяйства и  
управления земельными ресурсами Министерства национальной  
экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, "ГеоДатаПлюс" ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО "ГеоДатаПлюс"
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (Ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....	2
4 МАГИСТРАЛЬДІК СУ ТАРАТҚЫШТАР МЕН КӘРІЗДІК КОЛЛЕКТОРЛАР ҮШІН БӨЛІНГЕН ЖЕР ТЕЛІМДЕР АЛҚАБЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ .....	4
4.1 Жалпы ережелер.....	4
4.2 Бас жоспарға қойылатын негізгі талаптар және аумақтарды пайдалану тәртібі.....	6
4.3 Магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторлары үшін жер телімдерін бөлу нормалары .....	6
4.4 Жобалау кезінде инженерлік коммуникацияларды орналастыру туралы негізгі ережелер .....	9
4.5 Магистральдік суағарларды қорғау санитарлық аймақтары .....	10
4.6 Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың негізгі ережелері .....	11
4.7 Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер телімін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе басқа жылжымалы мүліктің бағасының өтеу өлшемі .....	13
4.8 «Бөлу телімінің жобасы» бөлімінің құрамы .....	14
А қосымшасы (ақпараттық) Бастапқы деректерді жинақтау мен талдау нысандары .....	16

## **КІРІСПЕ**

Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының құрылыс саласының нормативтік-техникалық базасын реформалау негізінде әзірленген.

Осы құжат ресми танылған және іс жүзінде ақталған ережелер, қағидаттар мен қолайлы шешімдердің нормаланатын көрсеткіштерін қамтыған. Олар Қазақстан Республикасының заңының, техникалық регламенттердің, табиғат қорғау шараларының міндетті талаптардың және құрылыс нормаларының орындалуын, магистральдік су таратқыштар мен кәріздік коллекторларды (қайта құру, жаңалау) мақсатындағы жобаның жер бұру алқаптың жобалау тармағын әзірлеу кезіндегі жұмыс мінездемесінің ең төмен параметрінің қажетті тіркестерін есепке алғанда, қаматамасыз етеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**МАГИСТРАЛЬДЫҚ СУ ТАРАТҚЫШТАР МЕН КӘРІЗДІК КОЛЛЕКТОРЛАР**  
**ҮШІН ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН БОЛУ**

**ОТВОД ЗЕМЕЛЬ ДЛЯ МАГИСТРАЛЬНЫХ ВОДОВОДОВ И**  
**КАНАЛИЗАЦИОННЫХ КОЛЛЕКТОРОВ**

---

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған және мына мақсатта қолданылады:

- 1) жобаны дайындауда жоспарланған құрамның (көліктік және коммуникациялық дәліздердің) элементтерінің аумағын жоспарлаудағы бөлулерде;
- 2) жоспарланған құрамның (көліктік және коммуникациялық дәліздердің) элементтерінің жоспарланатын дамудың параметрлерін белгілеуде;
- 3) желілік объектілерді жоспарланатын орналастырудың аймақтарының параметрлерін белгілеуде.

1.2 Осы қала құрылысының нормативін желілі объекттерді (магистральдік су таратқыштар мен кәріздік коллекторларды) жоспарлап орналастыру үшін аумақтарды жоспарлау жобаларын дайындауда қолдануға ұсынылған және пайдалануға арналған:

- 1) аумақтарды жоспарлау жөніндегі құжаттардың дайындауын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен;
- 2) ұйымдастыру-құқықтық түрлерінен тәуелсіз ұйымдармен және кәсіби негізінде қала құрылысының құжаттамаларын дайындау қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлермен.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы ережелер жинағын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:  
2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Қазақстан Республикасының Су Кодексі.  
Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі.  
2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-ІІ ЗРК Қазақстан Республикасының Жер Кодексі.  
2003 жылғы 8 шілдедегі N 477 Қазақстан Республикасының Орман Кодексі.  
2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология Кодексі  
2001 ж. 16 шілдедегі № 242-ІІ Қазақстан Республикасының "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" заңы.

2011 жылғы 01 наурыздағы № 413-IV Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңы».

ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2009 Сумен жабдықтау. Сыртқы желілер мен қурылыстар.

Ескертпе - Осы Ережелер жинағын пайдалануда ағымдағы жылда жарияланған ай сайын шығатын ақпараттық бюллетендер мен нұсқаулықтар сәйкестігіне сілтемелік нормативтік құжаттардың қимылдарын мақсатты тексеруге қажет.

Сілтемелік құжат айырбасталған (өзгерілген) жағдайда осы Ережелер жинағын пайдалануда айырбасталған (өзгерілген) құжатты басшылыққа алуға қажет.

Сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылған жағдайда сілтеме берілген ереже бұл сілтеменің қозғамайтын бөлігі қолданылады.

### **3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы құрылыс нормаларында келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**3.1 Елді мекеннің бас жоспары:** Қаланың, поселкенің, ауылдың (селоның) немесе басқа да елді мекеннің аймақтарын аймақтандыруын, жоспарлық құрылымын және қызметтік ұйымдастыруын, көліктік жүйесі мен инженерлік коммуникацияларын, көгаландыру мен көріктендіруін орнататын құрылыс және дамуды кешенді жоспарлайтын қала құрылысының жобасы.

**3.2 Объектінің бас жоспары:** Жобаланатын объектінің орналасқан жерімен байланысты көліктік коммуникацияларының төсемі, инженерлік желілердің, учаскені инженерлік дайындау, көркемдеу мен көгалдандыру, шаруашылық қызметтер мен басқа шараларды ұйымдастыру, аумақта (учаскеде) орналастыру мәселесінің кешендік шешімі бар объект құрылысының (ғимараттың, құрылыстың, кешеннің) жобалау бөлігі.

**3.3 Қалалық аймақтандыру:** Елді мекеннің аумақтарын оның атқарымдық бағытына сай бөлу (тұрғын, қоғамдық, өнеркәсіптік, рекреациялық, коммуналдық және басқа да атқарымдық аумақтары);

**3.4 Мемлекеттік қала құрылысының кадастрі:** Қала құрылысы аумақтарын сипаттайтын картографиялық, статистикалық және мәтіндік ақпарат, объектінің жағдайы мен параметрлері бойынша онда орналасқан инженерлік-техникалық қамтамасыз етілуінің деңгейі мен табиғи-климатикалық жағдайын және экологиялық қалпын, қала құрылысының регламентін, оны пайдалану әлеуметтік-құқықтық тәртібінің нышаны бойынша сәулет және құрылыс қызметін кіргізетін көрсеткіштердің сандық және сапалық мемлекеттік жүйесі.

**3.5 Желілік объектіні орналастыру аумағының шекарасы:** Қала құрылысының талаптарына сай белгіленген сыртқы шекарасы (тиянақталған бастапқы және ақырғы межелімен) жоспарланатын аумақта желілі объектінің орналасуы;

**3.6 Жер пайдаланудың ерекше шарттары бар аймақтар:** Аймақтардың орнатуының мақсаттарына сәйкес келмейтін қызметтер түрлері бар аймақтар;

**3.7 Аумақтарды пайдаланудың ерекше шарттары бар аймақтар:** Аймақтардың орнатуының мақсаттарына сәйкес келмейтін, шектелетін немесе белгіленетін қызметтер түрлері бар жерлер (санитарлық қорғанатын аймақтар (СҚА));

**3.8** Жер пайдаланудың ерекше шарттары бар аймақтарына қорғанатын су іркіш имараттар, күзетілетін магистральдік құбырлар аймақтары, су күзету аймақтары мен телімдер жатады.

**3.9 Желілік объекті жоспарлап орналастыру аймағы:** Аумақты жоспарлау жобамен белгіленген жер учаскелерінің шекарасына кіргізілген және оның шегінде желілі объектінің бөлу сызығын орналастыру амалдарын таңдау жүзеге асырылатын белгілеуге қатысты желілік объекті жоспарлап орналастыруға арналған аумақ;

**3.10 Инженерлік инфрақұрылым:** Адамдардың тіршілік іс-әрекетіне қалыпты жағдай жасау және тауарлар мен қызметтердің немесе өндірістің тұрақты қызмет етуін, коммуникациялар мен инженерлік желілерді және коммуналдық қамтамасыз ету объектілердің (құрылыстар мен ғимараттардың), кәсіпорындардың (мекемелердің) кешені.

**3.11 Қызыл сызық:** Елді мекендерді жоспарлау құрылымындағы кварталдардың, шағын аудандардың, өзге элементтердің аумағын көшеден (жолдардан, алаңдардан) бөліп тұратын шекара. Әдетте қызыл сызық құрылыс салу шекарасын реттеу үшін қолданылады; оның ішінде электр беру, байланыс желілері (оның ішінде желілік-кабельдік имараттар), құбыр, автомобиль жолдары, теміржол желілері мен басқа да ұқсас имараттар (ары қарай - желілі объектітер) жер учаскелерінің шекарасы.

**3.12 Желілі объектітер жіктелімі:** Оның төсем тәсілімен анықталады: жер астында, жерде жер үстінде, тиісінше желілі объектітер жер астылық, жердік және жер үстілік болуы мүмкін.

**3.13 Желілі объекті:** Инженерлік, ұзақтық сипатымен көліктік инфрақұрылымды құрылыс, көлеміне қатысты ұзындығы енінен жоғары (құбырлар, автомобиль мен темір жолдар, сервитуттар) дербес инвентарлық объекті.

**3.14 Регламенттер:** Аймақтарды (жер учаскелерін) және басқа жылжымалы объектілерді, сонымен қатар кез келген олардың заңмен бекітілген жағдайының заңмен бекітілген өзгертулерді пайдалану тәртіптері, рұқсаттары мен шектеулері (ауыртпалық, тыйым салу және сервитуттер).

**3.15 Жерді пайдалану тәртібі:** Жағдайы ерекше аймақтарда жерді пайдалану тәртібі нормаларға және жабалау техникалық құжаттамаларға сай жерді пайдалануға немесе жерді меншікке беру туралы шешімді қабылдаған органымен анықталады.

**3.16 Желілі объектітерді қайта құру:** Объектітердің (қуаты, жүк көтерімділігі және басқалар) түрін, категориясын және (немесе) бастапқы белгіленген көрсеткіштерінің қызметтерін немесе мұндай объектітердің күзету аймақтарын және (немесе) бөлу телімдерінің шекарасының өзгеруін талап ететін желілі объектітердің немесе олардың учаскелерінің (бөліктерінің) параметрлерінің өзгеруі.

**3.17 Санитарлық-қорғандық зона:** Тұрғын-азаматтық бағыты бар құрылыстар мен ғимараттарды жағымсыз факторлардың әсерінен сақтау мақсатымен арнайы бағытталған аймақтарды және өнеркәсіптік кәсіпорындарды және басқа өндірістік, коммуналдық және елді мекендердегі қойма объектілерін жақын орналасқан селитебтік аумақтардан бөлетін аумақ.

**3.18 Сервитут:** Бөтен жер учаскелерді мақсатты пайдалануға шектелген құқық.

**3.19 Аумақтық аймақтар:** Жер пайдалану ережесі мен шекарасы анықталған құрылыстар және қала құрылысының регламенттері белгіленген аймақтар.

**3.20 Қала құрылысын реттеу аумағы:** Оның шегінде қандай да болса сәулеттік, қала құрылысы мен құрылыстық әрекет жүзеге асырылатын аумақ.

**3.21 Жалпы пайдаланылатын аумақ:** Шектелмеген тұлғалар тобы кедергісіз пайдаланылатын аумақ (оның ішінде алаңдар, көшелер, өтетін жолдар, жағалаулар, жалпы пайдаланатын су объектілерінің жағалары, саябақтар, желекжолдар).

**3.22 Қала құрылысы кадастрінің есеп бірліктері:** Қазақстан Республикасының аумақтарын, облыстардың, аудандардың, елді мекендердің, жылжымайтын объектілердің, көлемдік, жазықтық және желілік имараттарды қоса алғанда, тұтас ұйымдастыру және пайдалану элементтері.

**3.23 Жоспарланған құрылым элементтері:** Құрылыс шекарасын қызыл сызықтармен реттелетін және басқа да сызықтармен анықталатын аумақ.

## **4 МАГИСТРАЛЬДІК СУ ТАРАТҚЫШ ПЕН КӘРІЗДІК КОЛЛЕКТОРЛАРЫ ҮШІН БӨЛІНГЕН АЛҚАПТЫҢ ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### **4.1 Жалпы ережелер**

4.1.1 Ережеге желілі объектілер - магистральдік су таратқыш пен кәріздік коллекторларына бөлінген жер жолағының енін таңдау мен белгілеу, оның шекарасына кірген жер учаскелерін пайдалану тәртібін орнату және оның шегінде желілі объекті орналастыру амалдарын таңдауды жүзеге асыру, күзету аймақтарын белгілеу; басқа да міндетті орындауға жататын талаптарды орындау талаптары кіреді.

Магистральдік байланыс желілерімен байланысты нақты жабдықтарға, құралдарға, материалдарға, процестерге қойылатын талаптар осы ережеге кірмейді және жаңа жобалау немесе қазіргі қалпына келтіру және оларды пайдалану басшылықтары мен нұсқаулықтарда көрсетілуі тиіс.

4.1.2 Магистральдік су таратқыштарын қайта құру мен салу өнеркәсіптік, экономикалық және әлеуметтік мәні бар және Қазақстан Республикасының заң актілерінде негізделген осы Ережелерді сақтауды және келесі негізгі мақсаттарды талап етеді:

1) су тұтынушылардың қауіпсіздігі мен халықтың денсаулығын, магистральдік су таратқыш объектілерін (СМ) және магистральдік кәріздік коллекторларын (МКК) қамтамасыз ету;

2) қоршаған табиғи және әуе ортасын, СМ объектілеріне іргелес аумақтардағы адамдардың қауіпсіздігін қорғау;

3) магистральдік су таратқыш объектілері мен магистральдік кәріздік коллекторларының құрылысы кезінде қозғалатын тұлғалардың заңды мүдделігін қорғау.

4.1.3 Құбырлы көлігінің мұқтаждықтары үшін пайдалануға, ұстауға, салуға, қайта құруға, жөндеуге қажетті су таратқыштар мен объектілерді орналастыруға, жер асты мен жер үстіндегі ғимараттардың, құрылыстардың, имараттардың, құрылыстардың және басқа құбырлы көлік объектілерінің дамуына бөлінген жерлер жатады. Осы жерлерге белгіленген тіртіппен бекітілген құрылыс нормалары мен ережелерінің, магистральдік құбырлары мен басқа да нормативтік құжаттардың негізінде жер учаскелердің шекарасы анықталған ерекше жағдайы бар қорғанатын магистральдік құбырлардың аймақтары жатады.

Қорғанатын аймақтар жер пайдаланушылар мен жер учаскелерінің иелерінен жер учаскені айыруынсыз орнатылулары мүмкін.

4.1.4 Магистральдік су таратқыш объектітері мен магистральдік кәріздік коллекторларына арналған жер учаскелері жобалық-техникалық құжаттама бойынша және Қазақстан Республикасының заң актілеріне және инженерлік коммуникацияларының даму бас кестелері бойынша бекітілген тәртіптің нормативтеріне сай беріледі.

4.1.5 Ерекше жағдайы бар аймақтарға жататын жерлер арнайы белгілермен белгіленеді. Аталған жерлерді жер пайдаланушылар мен жер учаскелерінің иелерінен айыруға рұқсат етілмейді, су іркіш құрылыстардың қорғау аймақтарының бірінші жолағын қоспағанда.

4.1.6 Магистральдік су таратқыш объектілері мен магистральдік кәріздік коллекторларын жобалау мен тұрғызуда әуе, су және жер үстінің қоршаған ортасын қорғау жөніндегі шаралар жиынын қарастыру, жер қыртысы мен тау жынысының су-жылу тәртібінің, гравитациялық және биохимиялық тепе-теңдігін және жануарлар дүниесі мен өсімдік әлемін қорғаудың минималды өзгеруін қамтамасыз етуі қажет. Жобаларда тарихи, этнографиялық, сәулеттік және басқа ескерткіштерді жобаланатын объектілерің әсерінен сақтау жөніндегі техникалық шешімдер дайындалуы керек.

4.1.7 Жер учаскесін және оған деген пайдалану құқығын иенің айналысынан шығару, және өтеу алуды қоса алғанда, жер пайдаланушының келісімінсіз рұқсат етілмейді, мына жағдайлардан басқа: сатып алу жәдісімен мемлекеттік мұқтаждықтары үшін ықтиярсыз айналыстан шығару.

4.1.8 Жер учаскелерін мемлекеттік мұқтаждықтары үшін мәжбүрлі түрде айырудың, Жер Кодексімен белгіленгендерден басқа, ерекше жағдайы болып табылатындар: мемлекеттік маңызы бар объектілерінен басқа жол салу, елді мекендердің жалпы пайдаланылатын инженерлік-коммуникациялық желілері.

Бұдан басқа, жер учаскелерді мемлекеттік мұқтаждықтары үшін мәжбүрлі түрде айырудың ерекше жағдайлары болып табылатындар: елді мекендердің осы баппен белгіленген ерекше жағдайлары тізіміне кіретін объектілер құрылысы жағынан бас жоспарларын орындау, мемлекеттік және аумақтық бағдарламаларымен алдын-ала қарастырылған объектілер құрылысын және мемлекеттік мүдделігі мен маңызды мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін инвестициялық жобаларды орындау.

4.1.9 Мүдделі тұлғаларға бөлінген магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларының бөлінген алабының шегінде инженерлік-коммуникацияларды, жол өтпелерді, өткелдерді, байланыс желілерді, электр беру желілерін, мұнай мен газ құбырларын және басқа айқыш-ұйқыш немесе оларға жақын орналасқан объектілерді салуға және пайдалануға сервитут беріледі.

Магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларына қызмет көрсету және пайдалану үшін жер пайдаланушы мен жер иеленушісі жерді пайдалану немесе меншіктік құқығының барын - сервитут, жер учаскесін мақсатты пайдалану үшін шектеулі құқығын беруге міндетті.

Жат жер учаскесін уақытша пайдалану құқығы (сервитут) нормативтік құқылық аткісінен, мүдделі мүшенің иелігімен немесе жер пайдаланушымен келіскен келісім-шарт

негізінде және жергілікті орындау органының актісі негізінде, сот шешімі негізінде, басқа Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған жағдайлар негізінде пайда болады. Егер нормативтік құқылық акті сервитуттың орнатуын мүдделі тұлғаның иелігімен немесе жер пайдаланушымен келіскен келісім-шарты бойынша дайындалған болса, онда соңғы тұлғаның келісім-шарттан бас тартуы (иесімен немесе жер пайдаланушымен ұсынылған келісім-шарт шарттары), мүдделі тұлға сот тәртібі арқылы талап ұсыну жолымен шешуге құқылы. Егер нормативтік құқылық акті сервитуттың орнатуын мүдделі тұлғаның иелігімен немесе жер пайдаланушымен келіскен жергілікті атқарушы органының актінің негізі бойынша дайындалған болса, онда соңғы тұлғаның келісім-шарттан бас тартуы, мүдделі тұлға сот тәртібі арқылы шағым беру жолымен шешуге құқылы.

Осы Ережелер трассалар мен алаңшаларды таңдау, магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларын үшін жер бөлу алқаптарын орнату, күзету аймақтары мен оларды пайдалану тәртібінің талаптары мен жалпы нормаларын ғана анақтайды. Магистральдік кабельдік байланыс желілерін жобалау, олардың құрылымдарының, құрылыс құрылымы мен қызметтердің, күшейткіш орындары мен техникалық пайдалануды ұйымдастыру тиісті құрылыс нормаларымен, ережелерімен, технологиялық жобалау мен пайдалану ведомстволық нормаларымен жүзеге асырылады.

Жер учаскелерді таңдау және магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларының өндірістік объектілерін орналастыру Қазақстан Республикасының заң талаптарына сай болуы тиіс.

#### **4.2 Бас жоспарға қойылатын негізгі талаптар және аумақтарды пайдалану тәртібі**

Магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторлары үшін жерді таңдау, кесіп беру және пайдалану кезінде, Қазақстан Республикасының Жер Кодексін, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексін, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында сәулеттік, қала құрылысы және құрылыс әрекеті туралы" заңын, сондай-ақ басқа нормативтік актілері мен ережелері сақталуы тиіс.

Магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларын жобалау "Аудандық жоспарлау жобалары мен сызбаларын құру жөніндегі нұсқау"-ға сәйкес дайындалған өнеркәсіптік түйіндерінің бас жоспарларының сызбаларымен, өнеркәсіптік аудандарының кешенді дамуының бас сызбаларымен, аудандық және қала құрылысының, басқа елді мекендердің жоспарлау жобаларымен үйлестіріліп жобалануға тиіс.

Жаңа құрылысқа және бар жер үсті мен жер астының магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларын қайта құруға жерді учаскелерге бөлу кезінде магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторлары мен ұңғымаларға бөлінген жерлер нормасын басшылыққы алу қажет.

#### **4.3 Магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторлары үшін жер бөлу нормалары**

4.3.1 Осы ережелер жиыны магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларына бөлінген жерлердің алқабының енін және құдықтардың, су таратқыштар мен

кәріздік коллекторларын орналастыруға арналған жер көлемін белгілейді.

4.3.2 Магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторлары үшін жер таңдау, бөлу мен пайдалануда ҚР заңдарын, сонымен қатар жер және табиғатты пайдалану жөніндегі өзге нормативтік актілерді басшылыққа алу керек.

**Ескертпелер**

1. Магистральдік жер асты суағарлары мен кәріздік коллекторларға арналған жер жолақтары құрылыс мезгілінде уақытша қысқа мерзімде қолданылады, ал құдықтар мен ауысу қораптарын орналастыруға арналған жер бөлімшелері тұрақты қолдану үшін қажет.

2. Магистральдік жер үсті және жердегі суағарлар мен кәріздік коллекторлар жолақтарының ені бекітілген тәртіп бойынша жобамен анықталады.

4.3.3 Магистральдік жерасты суағарлар мен кәріздік коллекторлардың құрылыс жасау мезгіліндегі жер жолақтарының ені 4.1-кесте бойынша белгіленуі қажет.

4.3.4 Құдықтар және магистральдік жерасты суағарлар мен кәріздік коллекторлардың ауыстыру қораптарын орналастыруға арналған жер бөлімшелерінің өлшемдері мынандай болуы керек: құдықтар үшін – 3х3 м., ауыстыру қорабы үшін – 10х10м -ден аспау керек.

4.3.5 Магистральдік суағарлар мен кәріздік құбырлардың үстіндегі жерді мақсатты пайдалану суағарлар мен кәріздік коллекторлардың сақталуын қамтамасыз ететін шараларды сақтай отырып жер иелерімен (жеке меншіктермен және (немесе) жалдаушылармен) белгіленген сервитутқа сәйкес мүдделі тұлғалардың және олардың пайдалануына бөлінген техниканы жөндеуге рұқсат етілуі жүзеге асырылуы тиіс.

4.3.6 Магистральдік суағарлар мен кәріздік коллекторларды құрылғылау жұмыстары аяқталған кезде құрылыс процесінде бұзылған жерлер қолданыстағы ережелер бойынша қалпына келтірілуі қажет.

**4.1-кесте - Магистральдік жерастындағы су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларын жоспарлап орналастырудың жер алабының ені**

№	Құбыр материалы, суағар мен кәріздік коллектордың диаметрі, мм	Төсеу тереңдігі, м	Ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердегі магистральдік жерасты суағарлар мен кәріздік коллекторларға арналған жер жолақтарының ені, м			
			Тұтаспаған топырақтарда		Тұтасқан топырақтарда	
			кепкен	сулы (су төмендету-мен)	кепкен	сулы (ашық су әкетуімен)
1	2	3	4	5	6	7
<b>А. Болат және полиэтилен құбырлар</b>						
1	400-ге дейін қоса алғанда	2	30	34	28	31
		3	35	39	31	37
		4	40	44	37	43
2	400-ден астам 700-ге дейін қоса алғанда	2	31	35	29	32
		3	36	40	32	38
		4	41	45	38	44
3	700-ден астам 1000-ға дейін қоса алғанда	2	32	36	30	33
		3	37	41	33	39
		4	42	46	39	46
4	1000-нан астам 1200-ге дейін қоса алғанда	2	33	-	31	-
		3	38	42	34	40
		4	42	46	39	46

**4.1-кесте - Магистральдік жерастындағы су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларын жоспарлап орналастырудың жер алабының ені (жалғасы)**

№	Құбыр материалы, суағар мен кәріздік коллектордың диаметрі, мм	Төсеу тереңдігі, м	Ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердегі магистральдық жерасты суағарлар мен кәріздік коллекторларға арналған жер жолақтарының ені, м			
			Тұтаспаған топырақтарда		Тұтасқан топырақтарда	
			кепкен	сулы (су төмендету-мен)	кепкен	сулы (ашық су әкетуімен)
5	1200-ден астам 1400-ге дейін қоса алғанда	2	-	-	31	-
		3	38	42	34	41
		4	43	47	40	47
<b>Б. Темірбетонды, шойынды, қыштық, асбест-цементті құбырлар</b>						
1	600-ге дейін қоса алғанда	2	32	36	29	31
		3	37	41	32	38
		4	41	45	38	47
		5	46	50	42	51
		6	58	62	52	64
		7	69	73	62	70
2	600-ден көп 800-ге дейін қоса алғанда	2	33	37	30	32
		3	38	42	33	39
		4	42	46	39	48
		5	47	51	43	53
		6	59	63	53	65
		7	70	74	63	71
3	800-ден астам 1000-ға дейін қоса алғанда	2	33	37	31	33
		3	38	42	34	40
		4	43	47	40	48
		5	48	52	44	57
		6	60	64	54	67
		7	70	74	64	72
4	1000-нан көп 1200-ге дейін қоса алғанда	2	34	38	32	34
		3	39	43	35	41
		4	43	47	41	49
		5	49	53	45	58
		6	64	68	59	72
		7	74	78	66	76
5	1200-ден астам 1500-ге дейін қоса алғанда	3	39	43	35	42
		4	43	47	42	49
		5	50	54	46	58
		6	65	70	60	73
		7	75	79	68	78
6	1500-ден астам 2000-ға дейін қоса алғанда	3	41	45	36	43
		4	45	49	43	50
		5	53	57	47	60
		6	68	72	62	75
		7	76	80	72	80
7	2000-нан астам 2500-ге дейін қоса алғанда	3	42	46	37	44
		4	46	50	44	51
		5	54	58	48	61
		6	70	74	63	76
		7	78	82	73	81

**Ескертпелер**

1 Кесте құбырларды ауыл шаруашылық мақсаттық жерлерде құнарлы қабатты алып тастау және оны қалпына келтіру жүргізілуі тиіс және өзге де жерлерге төсеушін құрылған. Ауыл шаруашылығына

#### 4.1-кесте - Магистральдік жерастындағы су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларын жоспарлап орналастырудың жер алабының ені (жалғасы)

жарамайтын жерлерде (тақырлар, тұзды-шөл жер, ұсақтас, малтатас, жартас, т.б.) жолақтардың ені жобамен анықталады, бірақ ол кестеде келтірілгеннен аспауы қажет.

2 Бір орда екі суағар немесе коллекторды төсеген кезде бір сызыққа арналған жолақтың енін  $D+2,0$  м-ге ұлғайту қажет. Бір орда төселетін үш немесе одан да көп магистральды коллекторлардың жер жолағының ені, кестеде көрсетілгеннен асса, диаметрі бойынша кәріздік коллекторлар мен магистральды суағарлар мен немесе жарамсыз аймақтарда (саз, шөл дала, таулы жерлер т.с.с.) басқа да табиғи және жасанды кедергілер арқылы өтетін өткелдер құрылысына арналған жер бөлімшесінің өлшемдері белгіленген тәртіп бойынша жоба арқылы анықталады.

3 Суланған байланыссыз топырақта (құмды, малтатасты-құмды, және құмайт) жер кесіп берудің жолақтарының ені, ордың бір жағында орналасқан инесүзгілік қондырғылар арқылы суды азайту жағдайы орындалуымен анықталады. Инесүзгіш қондырғыларды қажет болған жағдайда (гидрогеологиялық шарт бойынша) екі жағында орнату жағдайда жолақтың ені кестеден тыс  $5,0$  м-ге ұлғаяды. Тұтасқан топырақтарда ордан ұзындығы  $100$  м алымды ескере отырып, өнімділігі  $100 \text{ м}^3/\text{сағ}$  аспайтын жылжымалы сорғыш сорғыны қолдану арқылы суды әкету ескеріледі. Суды әкету немесе суды азайтудың басқа тәсілдерінде жолақтың ені жобамен дәлденеді және белгіленген тәртіп бойынша келісіледі.

4 Суды азайту немесе суды әкетудің әртүрлі тәсілдерінде құрғатқыш суларды уақытша әкету орны келісіледі және белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

5 Магистральды суағарлар мен кәріздік коллекторларды күрделі жөндеуден өткізуге арналған жердің жолақтарының енін белгіленген тәртіп бойынша бекітілген жобамен анықтайды және бұл жағдайда көрсетілген жолақтан ені кестедегі енінен аспауы қажет.

#### 4.4 Жобалау кезінде инженерлік коммуникацияларды орналастыру туралы негізгі ережелер

4.4.1 Жалпы траншеяларда, тоннельдерде, каналдарда, төмен тіректерде, шпалаларда немесе эстакадаларда тиісті санитарлық және өрттен сақтану нормалар мен қауіпсіз пайдалану ережелерін сақтаумен инженерлік коммуникацияларды бірлесіп орналастыруды ескеру қажет.

4.4.2 Жер асты коммуникацияларды автомобиль жолдардың жүретін жағынан тыс жүргізу қажет. қайта құру объектілерінің жер учаскелерінде автомобиль жолдарының астымен жер асты коммуникацияларын орналастыру рұқсат етіледі.

4.4.3 Ең жақын жер асты инженерлік коммуникациялардан ғимараттар мен құрылыстарға дейін көлденең (жарықта) аралығы сондай ақ, олардың көршілес жер асты инженерлік коммуникациялардың параллельді орналастыруында Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарын ескеру қажет.

4.4.4 Магистральдік суағарларда жоспарланып орналастыратын аймақтарының ені сауағарлар төсемдерінің параметрлерін және басқа инженерлік коммуникациялармен бірлесіп суағарлар төсемдерінің технологиялық ерекшелігін, әр-түрлі инженерлік-геологиялық жағдайлардағы шеткі суағар құбырларынан санитарлық қорғайтын алқаптарының көлемін нормалайтын жер бөлу алқабының енін реттейтін қолданыстағы нормативтік құжаттарының ережелерімен анықталады.

4.4.5 Суағарлардың жоспарланып орналастырылатын аймақтарының енін анықтау кезде елді мекендер шегінде немесе олардың шегінен тысқары белгіленген құрылыс

## **ҚР ЕЖ 4.01-105-2014**

шарттарын, жер астындағы сулардың барын, жердің ластауын жібермейтін ерекше жағдайлары сақтанылатын санитарлық сақтау алқаптарының енін ескеру қажет.

4.4.6 Суағарлардың желілі бөлігінің санитарлық сақтау алқабының ені ҚР ҚНЖЕ 4.01-02 сай құрылысы жоқ аумақтарда құру керек:

- құрғақ жерде жүргізуде диаметрі 1000 мм -де 10 м кем емес және диаметрі үлкен болған болса 20 м кем емес;
- сулы жерлерде диаметрінен тәуелсіз 50 м-ден кем емес.

Ескертпе - Арақашықтығы шеткі суағарлардан анықталады.

4.4.7 Мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық қызметтер органдарының келісімімен салынған аумақтардан жүргізілетін алқаптың енін кемітуге рұқсат етіледі.

4.4.8 Әр объекте (учаскеде) күзету зонаға іргелес орналасқан аумақтың (объекттің) тиістілігін (жеке меншіктілігін) көрсетіп арнайы рұқсатымен жүргізілетін күзету зонасын, өндірістік инфрақұрылымын, тыйым салынған жұмастар мен жұмыстар тізімін көрсетумен құбыр трассасы мен объектінің тәсімі құрылып ілінуі қажет. Тәсім мен тізім кәсіпорынның бас техникалық басшысымен бекітіліп жергілікті үкімет органымен және қажетті жағдайда басқа да мүдделі мекемелермен келісіледі.

### **4.5 Магистральдік суағарларды қорғау санитарлық аймақтары**

4.5.1 Магистральдік суағарларда санитарлық-эпидемиялық беріктікті қамтамасыз ету мақсатымен санитарлық қорғау аймақтарында (СҚА) нормативтік құжаттамаларға , ҚР Мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық қызметтер органдарының келісілген Жобалау туралы ережесіне сай белгіленеді.

СҚА-ға ерекше тәртібі бар 3 алқап кіреді: бірінші алқап, екінші алқап, үшінші алқап.

4.5.2 суағарлардың санитарлық қорғауы санитарлық қорғау алқабымен қамтамасыз етіледі, оның енін шеткі суағар желісінен екі жаққа қабылдау керек:

- жер асты сулардың жоғында - диаметрі 1000 мм-ға дейін 10 м кем емес және диаметрі 1000 мм-дан астам да 20 м кем емес те;
- жер асты сулардың барында - диаметрінен тәуелсіз 50 м кем емес те.

4.5.3 Магистральдік суағарлар объектілерінде жер учаскелері қолданыстағы жер бөлу нормаларына сай тұрақты және уақытша пайдалануға беріледі.

Тұрақты пайдалануға берілетін жер учаскелері жобамен анықталып белгіленген тіртіп бойынша рәсімделеді.

Уақытша пайдалануға (құрылыс немесе жөндеу кезеңіне) берілетін жер учаскелері жер пайдаланушымен қолданыстағы заңға сай көрсетілген жұмыстардың аяқталуымен қабылданғаннан кейін қайтарылып беріледі.

4.5.4 Бекітілген жобасына сай орындалатын әрекеттегі сорғыс-филтрлік станцияларының, су іркіуіш имараттардың, санитарлық-техникалық және денсаулықты жақсартатын шаралардан тәуелсіз сыйымдылықтардың санитарлық қорғау аймақтарының аумақтарында болу керек:

1) жылдың қандай да болса кзінде пайдалану және жөндеу материалдарын жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін өтпелер мен имараттар жалпы пайдаланылатын жолдармен

қосылуы;

2) барлық ғимараттар мен имараттарды және басқа да объекттерді жауын-шашындардан сақтап қамтамасыз етуін орналастыру және олардың зона аумағында үйрімделуі мен жиналуынан сақтандыратыны;

3) ғимараттар мен имараттарды және зона аумақтарында қалыпты санитарлық-гигиеналық режимді қамтамасыз ететін өндірістік ағынды сулары мен шаруашылық-тұрмыстық кәріз жүйелері;

4) түнгі уақытта аумақ бойынша қалыпты жылжуға және зонаны күзету мақсатына жеткілікті сыртқы жарықтандыру желісінің болуы.

4.5.5 Санитарлық күзету аймақтарының бірінші алқабында зонаның аумақтары ҚР ҚР ҚНЖЕ 4.01-02 сай бөгде тұлғалардың аумаққа еркін кіруіне тыйым салынумен қоршалынуы тиіс (дуалдармен, қоршамдармен, жер бағана-көрсеткіштермен, акваторияларда - бакендермен) және қоршаулар дұрыс қалпында болулары тиіс.

#### **4.6 Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың негізгі ережелері**

4.6.1 Жер учаскесі ерекше жағдайларда мәжбүрleme ретінде мемлекет мұқтаждықтары үшін айналымнан сот шешімі бойынша шығарылуы мүмкін, егер сол мұқтаждықтарды қанағаттандырудың басқа амалы жоқ болса әрі мүлікті тепе-тең өтеу жағдайда. Ондай ерекше жағдайға мәжбүрleme ретінде мемлекет мұқтаждықтары үшін заңмен ескерілген айналымнан шығару басқалармен қатар магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларының құрылысы жатады.

4.6.2 Жер учаскенің мәжбүрlemелі мемлекет мұқтаждықтары үшін айналымнан шығару мемлекеттік мұқтаждықтарды қанағаттандырудың басқа (альтернативті) амалдары болса рұқсат етілмейді.

4.6.3 Жер учаскенің мәжбүрlemелі мемлекет мұқтаждықтары үшін айналымнан шығару тек мемлекеттік мұқтаждықтарын қанағаттандыруға жеткілікті көлемінде ғана жүзеге асырылады.

4.6.4 Уақытша пайдалануға берілген жер учаскенің мәжбүрlemелі мемлекет мұқтаждықтары үшін айналымнан шығару (магистральдік су таратқыштар мен магистральдік кәріздік коллекторларының құрылысы), егер ұсынылған құқық пайдаланушымен мемлекеттен сатып алынған болмаса, жүзеге құқықтың сатып алуынсыз асырылады. Жер пайдаланушыларға шығындар түгел көлемінде өтеледі, соныме бірге олардың қалауы бойынша басқа жер учаскесінің ұсынуы мүмкін.

4.6.5 Жер учаскенің немесе басқа жылжымалы мүліктің мәжбүрlemелі мемлекет ерекше Қазақстан Республикасының Жер Кодексімен қарастырылған мұқтаждықтары үшін айналымнан шығаруының басталуы туралы, Қазақстан Республикасының үкіметімен немесе жергілікті атқарушы органымен Жер Кодексімен белгіленген құзыреті бойынша, қаулы шығарылады.

Ескертпе - Көрсетілген қаулылар олардың қабылдау уақытынан бастап республикалық немесе жергілікті бұқаралық ақпараттарда үш жұмыс күні аралығында жариялануы тиіс.

## ҚР ЕЖ 4.01-105-2014

4.6.6 Жер учаскесіне меншік құқығы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тіркелмеген жағдайда, жер иесі аталған қаулыны қабылдағаннан кейін, жерге жеке меншік құқығы жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыруы мүмкін, қаулы сол жер жөнінде қабылданған болса. Бұл жағдайда мемлекеттік мұқтаждықтары үшін мәжбүрлі айналымнан шығарудың қаулымен белгіленген мерзімі, 6 айға ғана жалғастырылады, одан артық емес.

4.6.7 Атқарушы орган атап айтылған қаулының басылымынан кейін 3 күнтізбелік күннің аралығында жер иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға жазбаша түрде жер учаскесін немесе басқа жылжымалы мүліктің мемлекеттік мұқтаждықтар себебінен мәжбүрлемелі айналымнан шығару туралы мәлімдеу жібереді. Сол жер учаскесінің немесе басқа жылжымалы мүліктің мемлекеттік мұқтаждықтары мақсатында мәжбүрлемелі айналымнан шығару туралы мәлімет заңды дәме ретінде Қазақстан Республиканың «Жылжымалы мүлік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы заңына» сәйкес тіркеуге жатады.

4.6.8 Жер учаскесін немесе басқа жылжымалы мүлікті мемлекеттік мақсаттары үшін мәжбүрлемелі айналымнан шығару қаулында белгіленген мерзімдердің өтіп кетуінен кейін иенің келісімі немесе мемлекеттік емес пайдаланушының келісімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңымен басқа қарастырылмаған болса, жүзеге асырылады, немесе сот шешімі бойынша.

4.6.9 Жер учаскесін немесе басқа жылжымалы мүлікті мемлекеттік мақсаттары үшін мәжбүрлемелі айналымнан шығару концессиялық жобаларды іске асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдарымен концессионердің қаражаты арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен бірге, концессия келісім-шарты бойынша қарастырылған және белгіленген мерзімдер мен шарттар бойынша концедентке оның сатып алған жер учаскелерін тапсыру міндетті шарт болып табылады, бірақ концессия объектінің немесе концессия объектінің мемлекетке аяқталмаған құрылысының тапсыру мерзімінен кеш емес.

4.6.10 Жер учаскесін немесе басқа жылжымалы мүлікті мемлекеттік мақсаттары үшін мәжбүрлемелі айналымнан шығарудың негізі ретінде жер учаскесін немесе басқа жылжымалы мүлікті мемлекеттік мақсаттары үшін сатып алу туралы келісім-шарт немесе сот шешімі болып табылады.

4.6.11 Жер учаскесін немесе басқа жылжымалы мүлікті мемлекеттік мақсаттары үшін мәжбүрлемелі айналымнан шығарудың жөніндегі сатып алу туралы келісім-шарт жобасы өкілдік органның тұрақты комиссиясымен енгізу уақытынан бастап 2 аптадан аспаған мерзімі аралығында қарастырылады, жер иесін және шығарылатын жерлерге құқығы аяқталатын немесе шектелетін тұлғаларын міндетті түрде шақыруымен бірге.

4.6.12 Мемлекеттік мұқтаждықтары мақсатында сатылатын жер учаскесінің бағасы (магистральдік су таратқыштар құрылысы), мерзімдері мен сатып алудың басқа шарттары жер учаскесінің иесімен немесе мемлекеттік емес пайдаланушымен дайындалған келісім-шарт арқылы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы заңының» қағидаларына сәйкес анықталады.

4.6.13 Жер учаскелерін мәжбүрлемелі жер учаскелердің иелерінен және мемлекеттік емес пайдаланушылардан айналымнан шығару (магистральдік су таратқыштар

құрылысы), егер жер пайдалану құқығы олар арқылы сатып алынған болса, онда Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне сай, немесе оның ішіндегі шарттар толық кірмесе, онда Қазақстан Республикасының басқа сәйкес Заңдарына сай жүзеге асырылады.

4.6.14 Егер мемлекеттік мұқтаждықтары мақсатында айналымнан шығарылатын жер учаскесінің иесі немесе мемлекеттік емес пайдаланушы анықталған соң жер учаскесінің бөлімін мақсатты пайдалана алмаса, онда жер учаскесі түгел сатып алынады.

